



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

ЖҰРНАҚ ЖАЛҒАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТОПОНИМДЕР

Маулен Тобугов Тюлюбаевич,

Қазақ тілі мен әдебиеті

ғылымдарының магистрі

Әлихан Бөкейханов атындағы орта

мектебі Жамбыл облысы, Қазақстан

mtobugov@mail.ru

***Андатпа:** Мақалада топонимдердің жасалу жолдары мен морфологиялық, синтаксистік, морфоло-синтаксистік сөздердің жасалу жолдары қарастырылған. Топонимдердің шығу тегі үлкен рөл атқарады, бірақ олардың ішінен кейбірі ғана топонимдердің аталуынан түбір сөздерді құрайды. Түбір сөздің жаңа лексикалық мағынасы көнерген, қолданыстан шығып қалған сөздерден жасалған. Себебі қазақ тілінде сөздің лексикалық мағынасын өзгерту үшін әрбір сөзге жаңа сөз тудырушы жұрнақтары жалғанады. Әрбір сөйлем мүшесі сөзжасаушы жұрнақтардың көмегімен туынды түбірлер арқылы өзінің құрамын толықтырып, сөздік қорды байытады. Топонимдер сөз жасаушы жұрнақтары арқылы жасалады.*

***Түйінді сөздер:** Топонимдер, туынды сөздер, топоним жасаушы, жұрнақтар, су ресурстары, сөз жасаушы жұрнақтар.*

Тіліміздегі жаңа сөздердің барлығы белгілі бір тәсіл арқылы жасалады. Тілде сонау көне замандардан бастап қалыптасқан сөзжасамдық заңдылықтар бар. Сол заңдылықтар жер-су атауларын жасауда да қолданылады. Тіл білімінде туынды сөздердің белгілі сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалатыны ерте танылғандығы, бірақ сөзжасамдық тәсілдер түрліше аталып, оның терминдері қалыптаспағандығы туралы белгілі ғалымдар, филология ғылымдарының докторлары, профессор Н.Оралбай, К.Құрманәлиев және Ж.Балтабаевалар сөзжасамдық тәсілдер мәселесінің әлі толық шешілмегенін айтады [149:1987].

Сөзжасамдық тәсілдердің А.Ысқақов үш түрін айтады: морфологиялық, синтаксистік, морфологиялық-синтаксистік (синтаксистік-морфологиялық) тәсіл [90:1977]. Ал зат есім сөзжасамында: «Зат есімдер лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады» [155:1985] дейді. Кейінгі шыққан ғылыми басылымдарда «Қазақ грамматикасында» (2002).

«Қазақ тілінің сөзжасамы» оқулығында (2002) сөзжасамдық тәсілдердің үш түрі көрсетілген: «1.Синтетикалық тәсіл. 2.Аналитикалық тәсіл. 3.Лексика-семантикалық тәсіл» [360:1985].

2014 жылы шыққан сөзжасамның жаңа оқулығында осы уақытқа дейін сөзжасамдық тәсілдердің бәрін қазақ тілінің байырғы сөздерімен беруге



«ÜZLİKSİZ BİLİMLENDİRİW SISTEMASINDA ARALÍQTAN OQÍTÍWDÍN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

болатынына қарамай, орыс тілінің ықпалына сүйеніп, орысша терминдерді қолданудың зиянды әсеріне берілу дұрыс емес екені ескеріліп, оқулықта сөзжасамдық терминдер тіліміздегі байырғы сөздермен беріліп, қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдерінің терминдері жаңаша аталған: «Қазақ тілінде 3 түрлі сөзжасамдық тәсіл бар. Олар: 1)сөзжасамдық жұрнақ тәсілі; 2)сөзжасамдық күрделендіру тәсілі; 3)сөзжасамдық мағына тәсілі» деп берілген [325:1977].

Топонимдер – атауыш сөздер. Олар тілімізде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалады. Олардың тұлғалық және мағыналық құрамдары тілдік бірліктерден тұрады. Ал ол бірліктер өз кезегінде белгілі бір заңдылықтар бойынша түзіледі. Осы мәліметтердің түзілуі белгілі бір тәсілдер арқылы жүзеге асады. Тілде жаңа сөздер көне замандардан бері қалыптасқан заңдылықтар бойынша, яғни сөзжасамдық тәсілдер бойынша жасалады. Топонимдер де сонау көне замандардан бастап этноспен бірге жасап келе жатқан атаулар. Олардың біразы тарих сахнасынан түсіп қалса, енді біреулері қоғамдық формацияның өзгеруімен, заманның талабына қарай өзгеріп, алмасып тұрады. Сол атаулық өзгерістер аталым жасау тәсілдері негізінде жүзеге асады.

Топонимжасамдық жұрнақ тәсілі. Қазақ тілі жалғамалы тілдерге жататын болғандықтан жер-су атаулары жұрнақтар арқылы жасалынады. Жұрнақ тәсілі сөзжасамдық негізгі тәсіл болып табылады. Алайда жер-су атауларын жасауда оларды негізгі тәсілге жатпайтынын зерттеуге алынған тіл деректері көрсетті. Себебі тіліміздегі сөзжасамдық жұрнақтардың (зат есімде – жұрнақ, сын есімде – жұрнақ, сан есімнің – жұрнағы, етістіктің – жұрнағы, үстеудің – жұрнағы) барлығы топоним жасауға қатыспайды. Тек таңдаулылары ғана аталым жасауға қатысады.

Топонимдердің жұрнақ тәсілі арқылы жасалуында екі тілдік бірлік қызмет атқарады: 1)лексикалық мағыналы уәждеме сөз, 2)топонимжасамдық жұрнақ. Жер-су атауларын жасауға қатысатын бұл тілдік бірліктердің әрқайсысының атқаратын өзіндік қызметі бар [160:1998]. Сол сияқты топонимдердің жасалуында жұрнақ уәждемелердің мағынасын өзгерту арқылы, уәждемеге негізделген туынды сөз – туынды түбір – топоним жасайды. Уәждеменің мағынасы мүлдем жойылып кетпейді, топонимдік мағынаға негіз болады. Мысалы, *Бақты, Шилі, Қоянды, Мойынты, Түндік, Егінді, Күйгентас, Батпақ, Бұзықтам, Бұрма, Бүгіл, Еспе*, және т.б.



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIWDIŃ INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Бұдан шығатын қорытынды: топонимдер жалқы есімдер болғандықтан зат есім сөз табына жатады. Ал зат есімнің өз сөзжасамдық жұрнақтары бар. Алайда топонимдердің жасалуында сын есім жұрнақтары болып танылып жүрген *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағын жатқызамыз. Аталған жұрнақ сөзжасамда сын есім тудырушы қосымша саналады. Мысалы, «*Сулы жер. Таулы мекен. Балықты көл. Ақылды қыз. Көргенді бала*» деген тіркестерде сулы, таулы, балықты, ақылды, көргенді сөздері «Қандай?» деген сұраққа жауап беріп, заттың бойындағы қасиетін білдіріп тұр. Ал жер-су аттары зат есімдер – жалқы есімдер болғандықтан *-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті* жұрнағы атауыштық қызметте тұр. Бұл аталған жұрнақтың бойында субстантивтік қасиет барын білдіреді және оны осы қызметінде мекен мәнді жұрнақтарға жатқызуға болады. Бір жерде заттың көптігін білдіретін қасиеті бар.

Тіл білімінде сын есімдердің заттану мәселесі бар. Ол туралы ғылыми әдебиеттерде: «Сөздер қолданыста, сөйлемде бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, бір сөз табынан екінші сөз табына ауысады. Мәселен, сын есім сөздер сөйлемде зат есім сөздермен алмасып, зат есім сөздердің орнына қолданылуы тілде орын алады. Мұндай жағдайда сын есім сөздер зат есім сияқты түрленеді. Яғни септеледі, тәуелденеді, көптеледі. Бұл сын есім сөздер заттанған, субстантивтенген сын есімдер деп аталады» [328:1986]. Аталған жұрнақ туралы топонимжасамдық бірліктер тарауында айтылған болатын. Дегенмен *-ды/-ді* жұрнағы туралы Б.Қасым пікіріне назар аударайық. Ғалым атау тұлғалы сөз формасына жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған топонимдерге бір нәрсенің бір аймақта барлығын, көптігін білдіретін көне жұрнақ, яғни қатыстық сын есім тудыратын *-ты* жұрнағы арқылы жасалған топонимдер дейді. Олардың қатарына *Өленті, Шідерті, Мойылды, Жосалы, Жалаулы, Шарбақты* т.б. атауларды жатқызады [8:1984]. Сонымен бірге екі сөздің қосылуы арқылы жасалған жер-су атауларының құрамында да *-ты* жұрнақты сынарлар кездеседі. Мысалы, *Шөптікөл, Балықты көл, Егіндібұлақ*, т.б.

Бұл құбылысты Б.Қасым: «Зат есімге *-лы/-лі, -ты/-ті* жұрнақтарымен бірге географиялық терминдердің қосылуы арқылы жасалған топонимдер» деп, топонимжасамдағы алдыңғы орындағы көне жұрнақ санайды. Бұл жұрнақтың мәндік-мағыналық қызметін анықтауда жалғанып тұрған түбір сөздің этимологиясына талдау жасалу қажеттілігін айтады. Себебі жұрнақтың қызметін анықтау соны талап етеді дейді [161:1984].



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASINDA ARALIQTAN OQITIW DÍN INTEGRACIYASI»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Біздің бұл жерде айтарымыз *-ты/-ті, -ды/-ді, -лы/-лі* жұрнағындағы сөздің

«Грамматикаларда» көрсетілмей келген бір қыры – заттануы. Заттық ұғымға ауысуы, яғни атауыштық мағына білдіруі. 2007 жылғы «Қазіргі қазақ тілі морфологиясында» заттанудың екі түрі туралы айтылған: контекстік заттану және лексикалық заттану [345:1986]. Контекстік заттануға белгілі контексте ғана заттық мағынаға ие болған сын есімдер (білімдіден үйрен, көргенсізден аулақ бол, ақылдыға жақын бол, ақымақтан қаш, жақыныңды сыйла) жатқызылған. Ал лексикалық заттануға байдың малы, кедейдің киімі, жастың ісі, қария т.б. сынды сөз тіркестеріндегі бай, кедей, жас, қария сөздерінің сын есім мағынасынан заттық мағынаға ауысуы туралы айтылған.

Біздің пайымдауымызша аталған қатысым сын есімінің жұрнағындағы жер-су атауларындағы заттануды – **топонимдік заттану** деп атауға болады. Себебі, шиелі, қоғалы, жусалы, балықты, теректі, т.б. сөздерді шиелі жер, қоғалы көл, жусалы дала, балықты өзен, теректі ауыл анықтауыштық қатыстағы тіркестерде қолданылады. Ал топонимдік атауда олардың грамматикалық түрленулері өзгереді. Олар зат есімдер сияқты түрленеді, сөйлем мүшесі болады. Сондықтан аталған *-ты/-ті, -ды/-ді, -лы/-лі* жұрнағын **зат есімнің аталым тудыратын жұрнағына** жатқызамыз.

Топонимжасамға қатысатын келесі жұрнаққа *-дік/-дық, -лық/-лік, -тық/-тік* жұрнағын жатқызамыз. Аталған жұрнақ қазақ тілінің сөзжасамында зат есімнен зат есім тудыратын өнімді жұрнаққа жатады. *-лық/-лік* жұрнағы белгілі бір кезеңде, мысалы Кеңес өкіметі уақытында өте актив қолданылған, мысалы, *бесжылдық, коммунистік, социалистік, комсомолдық, колхоздық* т.б.

Қорыта келгенде мағына тәсіліне қатысты заңдылықтар топонимдердің жасалуында да сақаталатынын байқадық. Атап айтар болсақ: мағына тәсілі, ол бір сөз мағынасынан екінші сөз мағынасына ауысуы; мағына тәсілінің іштей айырмашылығының болуы; атаудың мағынасы жаңа мағына болғандықтан басқа сөз табына көшуі; атау жаңа мағынаға ие болса да, сөз табын өзгертпей, сол сөз табында қалуы; топонимдік мағына тәсілінің сөзжасамдық мағына тәсілі негізінде жүзеге асатындығы; мағына тәсілімен жасалған атаулардың сөз мағыналарымен байланысы; мағына тәсілінің жұрнақ тәсілінен және күрделендіру тәсілінен айырмашылығының болуы.



«ÚZLIKSIZ BILIMLENDIRIW SISTEMASÍNDÁ ARALÍQTAN OQÍTÍWDÍN INTEGRACIYASÍ»

atamasındaǵı IV Xalıqaralıq ilimiy-teoriyalıq konferenciya

Әдебиеттер:

1. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. -Л.: Наука, 1987.
2. Гузеев Ж.М. Семантическая разработка слова в толковых словарях тюркских языков. – Нальчик. - Эльбрус, 1984.
3. Крыжановская А.В. Сопоставительное исследование терминологии современных русского и украинского языков: Проблемы унификации интеграции. – Киев: Наука, 1985.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Жалын, 1998.
5. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма-Ата: Наука, 1986.
6. Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – М.: Наука, 1977.